«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Ж.К.Ажитаев
______

«Келісемін»
Оқу ісінің меңгерушісі
М.А.Аймырзаев
______

Ә/Б қаралды
Хаттама№.....
Ш.М.Шақшанбаева
______

# ӨМІР ҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ
## «Тілектес» жалпы білім беретін мектеп»КММ
## 2022-2023 оқу жылы

**1-сынып жетекшісі: Баратова С.**

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
...........Ж.Ажитаев

**1- Сыныптарға «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары.**
**2022-2023 оқу жылы**
**\Дүниетану пәніне кіріктіреді**

**1 сынып**

| **№** | **Тақырыбы** | **Сағат саны** | **Өткізілетін мерзімі** | **ескерту** |
|---|---|---|---|---|
| 1 - бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»<br>1.1. Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы | | | | |
| 1 | Қауіпсіздік | 1 | 16.09.2022ж | |
| 2 | Көше кездейсоқ жағдайларға толы | 2 | 21.11.2022ж-25.05.2023ж | |
| 3 | Судағы қауіпсіздік | 1 | 22.02.2023ж | |
| 4 | Ғимараттағы қауіпсіздік | 1 | 15.03.2023ж | |
| 5 | Практикалық сабақ | 1 | 12.04.2023ж | |
| | | | | |
| **Барлығы** | | **6 сағат** | | |

Сынып жетекшісі: С.Баратова

| | ДТІЖО: М.Аймырзаев |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | «Тілектес» жббм |
| **Пәні:** | **Дүниетану** |
| **Бөлім:** | Тағам мен сусын |
| **Педагогтің аты-жөні:** | С.Баратова |
| **Күні:** | 15.03.2023ж |
| **Сынып:** | 1 сынып |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№29 сабақ.Біздің қажеттіліктеріміз бен мүмкіндіктеріміз ӨҚН №5 Ғимараттағы қауіпсіздік** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.1.1.4 тауар ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру<br>1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау<br>Ғимарат ішінде өзін-өзі ұстау ережелерін білу, қауіпсіздік талаптарын сақтау |
| **Сабақтың мақсаты** | Қажеттілік не екенін біледі, қалағанының жүзеге асатын-аспайтынын білетін болады<br>- Қауіпсіздік ережелерін танып, ғимарат ішінде қалай жүру керектігін түсінеді |
| **Құндылықтар:**<br>**Сәуір айы: Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы** | Сабақ құндылығы: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ<br>Апта дәйексөзі: **«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»** |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезені// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br><br>«Қауіпсіз мектеп» туралы қысқаша бейнеролик немесе сұрақ-жауап<br>Мектептегі қауіпсіздік туралы әңгімелеу | Көздерін жұмып, бір-бірлеріне ойша алақан жылуын жіберіп, ойша барлығына сәттілік тілейді | Көңіл күйлерін көтеріп отыру<br><br>Тамаша !<br>«Сағат» әдісі арқылы мадақтап отыру<br> | Суреттер<br><br>Қимылдар<br><br>Сағат моделі<br> |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | Өткенді пысықтау<br>Ежелгі адамдар қандай шаруашылықтармен айналысқаны туралы ,сауданы қалай жасағаны туралы айтады | Өткенді пысықтайды | | |
| ***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | Тақырыпты ашу<br>«Сөз айт» ойыны<br>Мұғалім:<br>Балалар адамға өмір сүру үшін не қажет? Бір ауызбен өз қажеттіліктеріңді ата<br>Тамақ, үй, ойыншықтар, кітаптар, киім, су және т.б. сөздер айтылады. | Сұраққа жауап береді | Дескриптор:<br>Бір ауызбен өз қажеттіліктерін атайды<br>Өзіне не қажет екенін біледі | Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жаңа тақырып<br>Қажеттіліктер дегеніміз не сонда?<br>Сендердің ойларыңша «қажеттілік» сөзі нені білдіреді?<br>Мұғалім: – Қажеттіліктер – адам үшін өмірдегі барлық керекті нәрселер.<br>Оқулықтағы суретке қарайық. Бұл тұтыну заттарының қайсысы сендерге қажет, неге?<br>Адамның қажеттіліктері ненің көмегімен қанағаттандырылады? Не көмектеседі?<br>– Кейбір қажеттіліктер табиғатта барлық адамдар үшін тегін (су, ауа, өсімдіктер).<br><br>Ұжымдық жұмыс<br>Суреттердегі тұтынатын заттарды ата.<br>Олардың не үшін қажет екенін айт<br>Тамақ, үй, автобус, киім, мектеп......<br><br>ЕБҚ<br>Өзің күнделікті не тұтынасың? Олардың тізімін жаса<br>Тамақ, киім, кітап, ойыншық.......<br><br>ЕҚБ<br>Өмірде өзің пайдаланатын заттардың ішінен тегін келетін, табиғи құбылыстарды ата. Олардың пайдасы туралы айт<br>Күн, ауа, жаңбыр, жел, жылулық, салқын....... | Жаңа тақырыпты түсініп алады<br>Өз ойларын қосып отырады<br><br>Өз ойларын айтады<br><br>Тізім жасайды<br><br>Өз ойын айтады<br><br>Жаттығу жасайды | <br>Дескриптор:<br>Суреттердегі тұтынатын заттарды атайды.<br>Олардың не үшін қажет екенін айтады<br><br>Тамаша!<br><br>Керемет!<br><br>Жарайсыңдар! | Оқулық<br><br><br>Оқушы жұмысы<br><br>Қимылдар |
| Сергіту сәті<br>2 минут | «Қозғалыс та қажет» ойыны<br> | |  | Суреттер |
| ***Сабақты қорыту***<br>**6минут** | ФС тапсырмасы<br>Жұптық жұмыс<br>Мұғалім: – Ал қазір біз адамның барлық қажеттіліктерін өтеу мүмкін бе, соны талдаймыз.<br>Оқулықтағы суретті қарап шығыңдар.<br>Арманның қолында аздаған ақша бар, ол сол ақшаға балмұздақ, кітап, сникерс | Сатушы мен Арман рөліне еніп ойнайды<br><br>Оқушылар дың | Дескриптор:<br>адамның барлық қажеттіліктерін өтеу мүмкін емес екенін біледі<br>Рөлге еніп, тақырыпты өмірмен байланыстыра алады<br>Ең басты қажеттіліктерді атайды | Теңге купюралары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және плеер сатып алғысы келеді. Қалай ойлайсыңдар, мұның бәрін сатып алуға баланың ақшасы жете ме?<br>Неге екенін түсіндір.<br>Ең басты қажеттіліктерді ата<br><br>Қорытынды :<br>Адам өмірде барлық қажеттіліктеріне қол жеткізе алмайды. Барға қанағат тұту керек. | жауаптары:<br>–тілек;<br>–мұқтаждық;<br>–бір нәрсені қалау.<br><br>Қорытынды жасайды |  | Оқулық |
| | ҚЖ: 1:<br>Бөлімді қорытындылауға арналған тапсырмаларды орында<br> | Тапсырмаларды орындайды | Дескриптор:<br>«Тағам мен сусын» бөлімін қорытындылайды<br>Өтілген тақырыптарды меңгерген.<br> | Жұмыс парағы<br><br>Оқулық |
| Қосымша тапсырма 2минут | ҚЖ: 2<br>«Тілектер гүлі» әдісі<br>Сендердің алдарыңда кез келген бір тілектеріңді орындай алатын гүл – жетігүл бар. Оның күлте жапырақшаларында қандай тілектер (бақыт, денсаулық, оқуда жетістік, ақша, күш, ақыл, әдемілік) жазылғанын оқыңдар. Олардың ішінен өздерің қалайтын тек бір күлте жапырақшаны бояңдар.<br><br>Кері байланыс | Тілек гүлін бояп, өз тілектерін жазады<br><br>КЕрі байланыс жасайды | Дескриптор:<br>Ең басты қажеттіліктерді біледі<br>Армандары, тілектерін жеткізе алады | Гүл суреттері<br><br>Кері байланыс парақтары |
| Кері байланыс 5 минут |  | | «Білім гүлі» әдісі | |